

**Мәслихаттың 2020 жылғы 21 қыркүйектегі № 402 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Амангелді ауданы мәслихатының 2021 жылғы 16 сәуірдегі № 38 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 22 сәуірде № 9874 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Амангелді ауданы мәслихатының 2023 жылғы 5 желтоқсандағы № 62 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Амангелді ауданы мәслихатының 05.12.2023 № 62 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Амангелді аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мәслихаттың "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" 2020 жылғы 21 қыркүйектегі № 402, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9476 болып тіркелген шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

7-тармақтың 7) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"7) Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, Жеңіс күніне орай, табыстарын есепке алмай, 1000000 (бір миллион) теңге мөлшерінде;"

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Амангелді аудандық мәслихатының хатшысы*

*Н. Альмагамбетов*

*К. Кеделбаев*